

● ПРЕЗИДЕНТ
**ИННОВАЦИЯ ЭКОНОМИКА
ЖАҢАРУЫНА НЕГІЗ
БОЛАДЫ**

Кеше Елбасы Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Сапар аясында Мемлекет басшысы Орал қаласындағы «Болашақ-Т» ЖШС үй құрылысы комбинатында болды.

Мұнда Мемлекет басшысына «Өңірлерді дамыту» бағдарламасын жүзеге асыру және жеке үй құрылысы комбинаттарын дамыту жобасы туралы баяндалды.

Нұрсұлтан Назарбаев дайын өнім үлгілерімен танысып, кәсіпорынның еңбек ұжымымен әңгімелесті.

Қазақстан Президенті өңірлердің дамуы мен үй құрылысының көбеюі есебінен елдегі осындай өнеркәсіп нысандарына деген қажеттілік артатынын айтты.

Мемлекет басшысы ұжымға табыс тілеп, облыста саланың жұмысына қолайлы барлық қажетті жағдайлар жасалып жатқанын атап өтті.

Үй құрылысы комбинаты көпшілікке арналған үйлер құрылысын қамтамасыз ету үшін темір-бетон бұйымдарын, перспективалы құрастырмалы жүйелер жасап шығарады. Оның қуаты жылына жалпы аумағы 50 мың шаршы метр ғимарат салынатын өнім шығаруға лайықталған.

Осыдан кейін Елбасы Қадыр Мырза Әлі атындағы мәдениет және өнер орталығында болды.

Мемлекет басшысы өнер мен мәдениет залын, кітапхананы және мемориалдық кабинетті қарап көрді.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев облыстың шығармашыл зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Қазақстан Президенті әлемдік экономиканың жанаруына ғылыми жетістіктер мен инновациялар негіз болатынын атап өтті.

— Біздер және жас ұрпақ мүлде басқа құрылымдағы экономиканың куәгері болатын боламыз. Бұған ең алдымен білім арқылы дайындауымыз керек. Балалардың бойына мектептен бастап инновациялық тұрғыдан ойлау қасиетін дарыту керек. Болашақта бүгінгі мамандықтарға қажеттілік азаяды. Өйткені, қазіргі заманда ғылым өте жылдам дамып жатыр. Қазір басқа сипаттағы білім қажет. Балалардың еркіндігі мен шығармашылығына көбірек мүмкіндік беріп, белсенді ойлау қабілетіне қолдау көрсету керек, — деді Мемлекет басшысы.

Шығармашыл зиялы қауым өкілдері Нұрсұлтан Назарбаевқа жүргізіп отырған татулық пен келісім саясаты үшін, елдің түрлі этностарының мәдениеті мен дәстүрлерін сақтауға қажетті жағдай жасалғаны үшін алғыс айтты.

Шығармашылық үйі әдеби-шығармашылық сипаттағы кездесулер мен концерттерді, бейнелеу өнері туындыларының көрмесін, облыстың жазушылары мен ақындары шығармаларының кітапханасын ұйымдастыру сияқты түрлі шаралар өткізуге арналған.

**АРДАГЕРГЕ
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ**



Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ардагер Қабарман Табылбаевты қабылдады. Оған лайықты сый-құрмет көрсетіп, ілтипат білдірді.

Қабарман Тоғызбайұлы өзінің еңбек жолын ауыл шаруашылығы саласының қарапайым қызметкері ретінде бастаған. Ұзақ жыл мемлекеттік, партиялық басқару жүйесінде жауапты басшылық қызметтер атқарған. Ал 1993 жылы зейнетке шыққан ардагер «Республикадағы ерекше еңбек сіңірген дербес зейнеткер» атағына ие болды. Одан өзге, ел мүддесі жолындағы еселеі еңбектері үшін «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы», «Құрмет» белгісі ордендерімен, Тәуелсіз Қазақстанның «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Аймақ басшысы ел игілігі үшін жасалған бұл жұмыстар елеусіз қалмайтындығын айтты. Сондай-ақ, мерейтой иесіне ыстық лебізін жеткізді.

— Сіз Сыр өңірінің игілігіне арналған түрлі жұмыстың ыстық-суығына көніп, талай істің жанашыр бастамашысы болдыңыз. Біршама жауапты қызметтерді айыроймен атқарып, облысымыздың өркендеп, дамуына үлес қостыңыз. Қазірдің өзінде, дербес зейнеткер ретінде облыстың ардагерлер кеңесі пленумының алқа мүшесі ретінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде, аймақтың рухани-әлеуметтік дамуына өзіндік үлесіңізді қосып келесіз. Сізге ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, отбасыңызға баянды бақыт, әулетіңізге амандық тілейміз, — деді, Қырымбек Көшербаев. Сондай-ақ, Қабарман Тоғызбайұлына Сыр елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін облыстың «Құрмет» грамотасын тапсырып, иығына шапан жапты.

Өзіне көрсетілген сый-құрметке ерекше ризашылығын білдірген ақсақал, ақ батасын берді.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған жалпы республикалық акциясы аясында «Мәңгілік Ел» бойынша 2016 жылдың 11-12 наурыз аралығында Қазалы ауданы мен Қызылорда қаласына келетін болады.

Мамандандырылған пойызды күту барысында мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылып, әлеуметтік, құқықтық, денсаулық сақтау мәселелері бойынша аймақ тұрғындарына кеңестер беріледі.

• Медицина мәселелеріне байланысты республикалық мамандармен кездесулер Қазалы аудандық орталық аурухана және облыстық кеңес беру диагностикалық орталығында;

• Бизнес және ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша Қызылорда облыстық ҰКП-ның қалалық, аудандық филиалында;

• Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу бойынша кеңестер беру шаралары ХҚКО филиалдарында өткізіледі;

• Шараның соңы 12 наурыз күні, сағат 17.00-де «Достық үйінде» гала-концертпен қорытындыланады.



Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 НАУРЫЗ
БЕЙСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№35 (19120)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

● САПАР

ЖҰМЫЛҒАН ЖҰРТТЫҢ ЖҰМЫСЫ ЖЕМІСТІ

Жексенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жұмыс сапарымен Жалағаш, Сырдария аудандарында болып, бірқатар нысандар жұмысымен танысып, өңір тұрғындарымен кездесті.

Қазір дикандар дала жұмыстарына қамдана бастаған шақ. Барлық аудандар көктемгі науқан қарекетіне кіріскен. Сапарда ауыл жұртының тыныс-тіршілігін бағамдаған аймақ басшысы әлеуметтік саладағы жұмыстарға да назар аударды.

Аудандарда жағымды жаңалықтар жетерлік. Мәселен, Жалағаш кентінде «Ай-ару» техникалық қызмет көрсету кешені іске қосылған. «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы арқылы алынған 10,5 млн теңгеге өз қаражаты есебінен 7,5 млн қаржы қосқан кәсіпкер Ғабден Әбұов салған нысанда онға жуық қызметкер жұмыс істейді. Алғашында машина жөндеу жұмыстарынан басталған кәсіптің бүгінде аясы кеңейген. Кешенде техникалық қызмет көрсетудің барлық түрі жұмыс жасайды. Болашақта кешен жанынан 15 орынды мейманхана салу жоспарлануда. Жергілікті кәсіпкердің жұмысына сәттілік тілеген облыс әкіміне аудан басшысы Т.Дүйсебаев ауданның әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын баяндады.

Жалағаш ауданында екі мыңға жуық кәсіпкерлік нысан тіркелген. Онда 8 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Жыл сайын шағын және орта кәсіпкерлік дамып, одан түсетін түсім аудан бюджетін толықтырып жатыр. Ауылшаруашылық саласында да айтарлықтай жаңалық бар. Соның бірі – бақша өнімдерін ташылатын суару әдісі. Сондай-ақ, мал шаруашылығы саласында мемлекет қолдауымен кәсіпкерлігін кеңейтіп жатқан шаруашылықтар мол.

Сапар аясында «АгроХолдинг Байқоңыр» серіктестігінің элеватор жұмысымен танысқан облыс әкімі жергілікті шаруа қожалықтары торағаларымен кездесіп, дикандардың егіс науқанына дайындығын пысықтады. Тұрғындардың өтініштері мен ұсыныстарын тыңдаған аймақ басшысы барлық мәселе кезек-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

Ауданда күріш кластерін дамыту жобасымен айналысып

жатқан «АгроХолдинг Байқоңыр» ЖШС былтыр екі күріш зауытын ашып, шаруашылықтармен тікелей жұмыс істеп жатыр. Оңтүстік Кореядан және Қытайдан әкелінген зауыттардың өнімділік қуаты орасан, тәулігіне 40 тоннадан 70 тоннаға дейін күріш ақтап шығуға қауқарлы. Заманауи зауыттардың ерекшелігі сол, лазерлік фотосепаратор арқылы өндірістегі ақталған күріштің арасынан қызыл немесе сарғайған дәндерді ажыратып, ақ күріштің ірісін, майдасы мен орташсын өзі сұрыптап отырады. Зауыт аумағында 9 күріш сақтау қоймасы бар, оның әрқайсысына 1700 тонна күріш сияды.

Он бес адамды жұмыспен қамтып отырған «Ақбалжан» балабақшасы өткен жылдың қарашасында жұмысын бастаған. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында несиені қол жеткізген кәсіпкер өз қаражатын қосып, балғындар отауын ашып отыр. 40 орынды балабақша құрылтайшысымен кездескен әкім бала тәрбиесіне баса мән беруді тапсырды.

Сырдария ауданында ауыз су мәселесі толық шешімін тапқан. Тіпті Тереңөзек кентінде орталықтандырылған көріз жүйесі тартылып, қоңқапталы үйлердің коммуналдық мәселелері де толық шешілген облыстағы алғашқы аудан.

Сапалы ауыз сумен қамтып отырған «Өркен-Сырдария» мекемесі өткен жылы қажетті техникалар мен құрал-жабдықтарға қол жеткізді. Қарамағында 120-ға жуық



● КӨРМЕ – ЖӨРМЕҢКЕ

Елбасының отандық тауар өндірушілерді қолдау және қазақстандық мазмұнды дамыту мақсатында өніраралық кооперацияны дамыту тапсырмасы Қызылорда мен Ақтөбе облыстары арасында жаңа сипатқа ие болып отыр. Бұған дейін де екі облыс арасындағы арақатынас тағы бір сатыға көтерілді. Оның айғағын жексенбіде Ақтөбе қаласында өткен көрме-жәрмеңкеден жұртшылық айқын сезінгендей болды.

Көзделген мақсат – тұтынушы халықтың көңілінен шығу болса, сол үдеге ұйымдастырылған шара лайықты жауап бергендей. Сыр өңірі дегенде алдымен, күміс дән – күрішті, бағалы балығы, сапалы тұзы мен дәмді еті елдің ежелден ықыласын аударса, өңірдің жергілікті өніміне деген сұраныс сол дағдымен бұл жолғы жәрмеңкеде де қызу көрініс тапты. Ең бастысы, баға былайғы нарықтан 20-30 пайыз төмен, сапасына да ешкімнің сыны жоқ. Сондағы «Орда» сауда үйінің іші-сыртына түгел қойылған Сырдың өніміне әрбір келушінің қызығушылық байқады. Қызылордалық тауар өндірушілер мен кәсіпкерлер 22 түрлі өнім түрлерін ұсыныса, оның жалпы көлемі 130 тоннадан асып жығылады.

Ақтөбелік жұртшылықпен қатар екі өңірдің басшылық құрамы көрме-жәрмеңкеден түгел аралады. Екіжақты іскерлік, кәсіпкерлік ынтымақтастық, жаңа мүмкіндіктер сарапқа салынды. Бүгінгідей экономикалық дағдарыс кезінде халыққа мейлінше қолайлы жағдай жасау, оның барысында кәсіпкерлікті, экономиканы дамыту бағыттары електен өтті.

Көрме-жәрмеңкеге жиналғандар алдында Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ғ.Ескалиев қызылордалықтарға ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.Қожаниязов екі өңір арасындағы байланыстың іс жүзінде бекемделе түскенін сөзге арқау етті.

— Біріншіден, Сыр елі жұртшылығының, облыс басшысының сәлемі мен ықыласын жеткізуге рұқсат етініздер, — деді Серік Салауатұлы. — Бүгінгі шара, көзделген мақсат – Елбасымыз алға қойып отырған тапсырмаларды жүзеге асыру арқылы халықтың, елдің әлеуетін көтеруге арқау болу. Бұл кезекте шетелдерден келетін өнімдерді азайту, ішкі мүмкіндіктерді, облыстар арасындағы тиімділікті бірлесіп пайдалану, тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау үлкен басымдық алды. Бүгін біздің облыстан түрлі өнім өндіретін 22

АҚТӨБЕМЕН БАЙЛАНЫС БЕКЕМДЕЛЕ БЕРЕДІ



кәсіпорын, компаниялар қатысып отыр. Қазірдің өзінде нәтиже жоқ емес. Мысалы, «Арал-тұз» ЖШС осы Ақтөбедегі «Анвар» сауда орталығымен келісіп, тікелей, дедлалсыз түз өнімдерін зауыт бағасымен жеткізуді қолға алды. Сонымен қатар күріш өндіретін «АгроХолдинг Байқоңыр» «Ақтөбе» ӘКК келісіп, 150 теңгеден күріш ұсынып отыр. Мұнымен қоса, облыста үн өңдейтін комбинат Ақтөбеден бідай алып, сол ұнды өз нарқымызға шығарады. Бұл жұмыстар әрі қарай жалғаса береді, — деп бір түйінделді.

Сондай-ақ, облыс әкімінің орынбасары Қызылордада жылына екі мәрте «Байқоңыр» инвестициялық форумы өтетінін, ендігі басқосуы сәуір айының аяғына жоспарланып отырғанын айта келе, ақтөбелік кәсіпкерлерді форумға шақырды.

Әрине, сапалы өнімге қай кезде де сұраныс бар. Ал оған қойылған баға түпкілікті тұтынушының қалтасына қолайлы тиіс, бұл екі арадағы дәнекерлік істің оң нәтижесі деп айтуға негіз бар.

Көрме-жәрмеңке Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаев арнайы келіп көріп, қызылордалықтардың тарту-жоралғысына ризашылығы білдірді. Сол арада жұртшылықпен емен-жарқын пікірлестік оранп, екіжақты келелі мәселелер талқыланды.

— Экономикалық дағдарыс кезінде мемлекеттің өңірлері бір-бірімен араласуы керек. Мысалы, Қызылорда облысы шығаратын өнімді біздің өңір, не болмаса Ақтөбе шығаратын өнімді Қызылорда өңірі сырттан алып келмеуі тиіс. Сонда біз дағдарыстан тезірек шығамыз, экономикамыз дамып, жаңа жұмыс орындарын ашамыз. Сондықтан, ортақ мүмкіндіктерді жүзеге асыруымыз керек. — Бізде бұған дейін күріштің бағасы 220 теңге болды. Сіздер келгеннен кейін — 150 теңге. Халық



сіздерге алғысын айтып жатыр. Әрі қарай осы қарым-қатынасты нығайтсақ, ең алдымен халықтың жағдайын жақсартамыз. Қызылорда мен Ақтөбенің арасы, әрине, жақын жер емес. Алайда осының бәрін еңсеріп, өз өнімдеріңізді арзан бағамен, сапалы түрде ұсынып отырғандарыңызға ақтөбеліктер атынан ризашылығымыз білдіреміз, — деді Бердібек Машбекулы.

Шын мәнінде, ақтөбелік тұрғындар Сыр елінің сан түрлі өнімі мен ондағы қолайлы бағаға шынайы ықылас білдірді. Бірі «Екі облыс әкіміне үлкен рахмет. Біз мұны қолайлымыз. Өйткені халық қажетін тауып, жәрмеңкеден көңілді қайтып жатыр» десе, енді бірі «етті 950 теңгеден, балықты 250 теңгеден алдық. Өзге азық-түлік бағасы да төмен. Бұл деген қазіргі нарықта халыққа жасалып отырған үлкен қолдау» деп сабақтады.

— Ең басты мәселе жол еді. Қазір екі облыс арасы тақтайдай тегіс жолмен сайрап жатыр. Енді қатынасты нығайтатымыз. Атақасіп — балық шаруашылығын дамытуда Елбасының қамқорлығы ерекше. Кіші теңіздің игілігін көріп отырмыз. Жаңа айтқандай, енді жолдың жақсаруымен халықтың қатынасы артып, осындай іскерлік байланыс екі жаққа да ырыс-несібесін ала келеді деп сенім білдіреміз, — деді пікірлестік барысында облыстық балық шаруашылығы консорциумының төрағасы Әділбек Әйімбетов.

Ақтөбеде жайған сырбойлықтардың жәрмеңке сөресіндегі сауда түс қайтканша толастаған жоқ. Көріні өңірдің тұрғындары қажетін тапты, қолайлы нарыққа көңілдері сергек қайтты. Ал бұған қызылордалық өнерпаздар қосқан ән мен би де көрме-жәрмеңкенің өзіндік тартуына айналды.

Қуат ШАРАБИДИНОВ.
Қызылорда - Ақтөбе - Қызылорда.

Театр, сахна... бұл сөздердің астарында өнер, көрермендеріне беймәлім әлем, қаншама адамның өмірі мен сыры бүгіп жатқандай. Ал онда көптеген таланттардың тері, әсерге толы көз жасы төгіліп, жүріп өткен ізі қалды десеңізші. Алайда, театрдан алшақтап бара жатқан көрермен құмарпаз бен өнерпазды ажырата алмайтын күйге түскендей бүгінде. Мәселен, бір ғана облыстық Нартай Бекежанов атындағы драма театрдың алпыс жылдық тарихына үңілсек, «қасымыздағы таудың биіктігін байқамай жүргендігімізді» тағы бір аңғарғандай боламыз. Құлашының кендігі сезілмей кеткен сондай жанның бірі – Ұлбатай Баяділқызы. Тірісінде ол сахнадан кетпейтіндей, арамызда әдемі күлкісі мен жылы жүзімен мәңгі жүретіндей көрінетін. Бәлкім, бұл осындай асыл жанды ажал тырнағына қимағандығымыздан туындаған сезім болар...

ТАҒДЫРЫН ТЕАТРҒА ТЕЛІП ЕДІ...

Ұлбатай Баяділова 1941 жылдың тамызындағы жазында Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Абай кентінің дүниеге келген. Ауылдың қарапайым бойжеткені мектеп бітірісімен Алматы қаласына жол тартады. Ойы бала күнінен арманы болған театр әлеміне алғашқы қадам жасап, білім алу еді. Осы мақсатына жетіп, М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театры жанынан ашылған студияға қабылданады. Келешек қазақ өнерін өрге сүйретіп кіл мықтылар жинақталған сол лекте Есболған Жайсаңбаев, Салиха Қожақова, Әнуар Молдабековтер де болатын. «Ауыздығын шайнаған» тұлпардай бойына талант тұнған олар үзегілесі жүріп білім алады. Оқулары бітірген соң бәрі жан-жаққа тарап, өмірде өз орындарын табады. Ал Ұлбатай Баяділқызы 1960 жылы Семей театрына табан тірейді. Бұл өнер ордасы оның талантын шындай түсетін мектеп қана емес, өміріне үлкен өзгеріс әкелген орта болады. Оқуды енді бітірген жас өнерпаз алғаш ұжымға келгеннен-ақ бәрімен тіл табысып, таланттымен, жайдары мінезімен де көпшілікті баурап алады. Әсіресе, сол кездегі театрдың бас режиссері Бөйтен Омаров оның бойындағы өнерін де, адамгершілік қасиетін де ерекше бағалап, ықпалсыз аяған екен. Солайша, театр актері Ізбасқан Шәкірөвпен жарастыруды көздейді. Бір кәсіпті отырыста екі жасты жақынырақ таныстырудың сөті түседі. Осылайша, кезекті демалысын алып, Қызылордада жолға шыққалы тұрған жігітті тоқтатып, театр сахнасында үйлену тойын өткізеді. Өнер табыстырып екі жас



сы ғана емес, көрермендері де сағынатыны хақ. Тіпті жылға жуық уақыт өтсе де ол жүріп өткен жолдар, жан күйзелісі мен қуанышына куә болған сахна оны іздеп, күіреніп жатқандай. Жары Ізбасқан ағай да жұбайына деген сағынышын амалсыз қабырғада бұл тұған жансыз бейнесіне карап бағыттыңдай көрінді. Анай туралы сұрағанымызда «Өте тамаша жан еді» деп қысқа қайырды. Бірақ осыдан-ақ, олардың жүрек түкіріндегі үндестікті, бір-біріне де-

қотын, оңай шаруа емесі анық. Дегенмен, кішкентай толқыннан алып ағысты, өмірдің қарапайым көрінісінен әсерлі ойда туындату талантты актрисаның қолынан келді. Сондықтан да болар, ол жас кезінен жүгі ауыр рольдерді ойнап, үлкен жауапкершілікті арқалады. Мәселен, С.Мұқановтың «Мөлідр махаббатындағы» Бәтес, М.Әуезовтің «Айман-Шолпан» комедиясындағы Шолпан секілді қыздардың ролін кісі сүйсінерліктей ойнай білді. Олардың жүрек түкіріндегі назын, реніші мен қуанышын өзі жан дүниесімен сезініп, көрерменін де баурап алды. Ол тек драма мен трагедияның негізгі арқауын келтіп, жандандырып қана қоймады. Өзінің комедиялық кейіпкері де аша алатын ерекше қасиеті барын дәлелдеді. Оны Б.Майлиннің «Шұғаның белгісіндегі» Құлшана бейнесінен анық аңғаруға болады. Ұлбатай анай ішін қызғаныш жайлаған, өзіміш, санасыздау кейіпкердің образы арқылы кей адамдардың пасық әрекетін мысқылдай жеткізді. Ал Г.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» азап пен қасіретке толы Мәрия ролі, «Қозы Көрпеш-Баян сұлуындағы» ару Баян үшін жаны қалмай шырыл-



Мөлідр ҚОЖАХМЕТОВА.

ДАРЫНДЫ БАЛАНЫҒА ДАМУҒА БІЛЕЙІК

Күн сайын теледидардан еліміздің дамуына, болашағына үлес қосу жолында көп оқып, ізденетін жастарды көріп, көңіліміз көкке көтеріліп қалады. Осындай дарынды да, жаңалық ашуда қабілеті зор жастар еліміздің ертеңі емес пе? Келешек ұрпағымыздың білімді де білікті азамат болып өсуіне Елбасымыз барлық жағдай жасап отыр. Жыл сайын елімізде білім беру жүйесінің жаңа жұмыстары өз қанатын кенге жаюда.

Талабы таудай жасөспірімдер арасынан болашағынан мол үміт күттіретін дарынды тұлғаларды іздеп тауып, оны жетілдіріп шығару, алдына қойған мақсатына көл жеткізуіне мүмкіндік жасау, оқу мен тәрбиені қатар ұштастыра отырып, балалардың

шығармашылық қабілетін жоғары көтеру – бүгінгі ұстаздың басты парызы. Сондықтан, ұстаз ретінде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың түрлері мына жайлармен сараланса керек.

Ұстаз балаға ата-ана, достары, көпшілік, саябақ, мектеп әсер ететінін, олардың бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыра білуі, оқушыны қай пән қызықтыратынын білуі қажет. Өйткені ол баланың келешек мамандығының бастауы болмақ. Жасөспірімнің тапқырлығын, білімге деген құмарлығын, ізденімпаздығын ескерсе көп нәтижеге жетуге болады. Сондай-ақ оқушының интеллектуалдық қабілетін дамытуға, шығармашылыққа жетелеуге әртүрлі өнер қайраткерлерімен,

ақын-жазушылармен, еңбек ардагерлерімен кездесу өткізуде, оларды мұражайларға, тарихи ескерткіштерге, қорықтарға апарып тұру да, ақпараттық-технология құралдарындағы жаңалықтармен танысу болу да әсер етеді. Балалармен түрлі кештер, пікірталас, диспуттар, әңгіме, «дөңгелек үстел» басындағы сөз сайыстар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жаздыру, ауызша, жазбаша өз ойларын еркін жеткізуге дағдыландыру секілді жәйттер олардың дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар балаларды күрделі тапсырмалар орындап, ғылыми-семинарларға қатыстыру да, ғылым мен техниканың үздік үлгілерін пайдалану да шындайды.

Шолпан САҒЫМБАЕВА,
№192 мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Жаңақорған ауданы.

«КӨКТЕМ-2016» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Облыс орталығында «Көктем-2016» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.

Су тасқыны болған жағдайда төтенше жағдайларды жою, іс-қимылдарға күштер мен құралдарды даярлауға арналған жаттығуға ІІМ ТЖК-нің өңірлік әэромобильдік жасағы, суда құтқару қызметі, өрт сөндіру және авариялық құтқару қызметі, Апат медициналық орталығы бригадасы, жергілікті АҚ және ТЖ құрылымдары қатысты. Жаттығу жұмыстарына арнайы облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов қатысып, қатысушы құрылымдардың жұмыстарымен танысты.

Шара барысында көктемгі су тасқыны уақытында гидротехникалық құрылғылардың, көліктік коммуникациялардың, құлақтандыру жүйесінің төтенше жағдайларға әрекет етуі тексерілді.

Су тасу кезеңінде дайындық және оқу-жаттығу үшін су басу қаупі бар аумақтардың, су өткізу орындарының, селге қарсы және басқа да инженерлік құрылғы қорғанысының, суда жүзу құралдарының саны нақтыланды. Жаңар-жағармай, азық-түлік, дәрі-дәрмек, палаткалар қоры толықтырылды. Аудандық және облыстық әкімшіліктерде тауліктік кезекшілік ұйымдастырылып, гидротехникалық нысандардың жағдайы тексерілді, жолдардың қоқыстан тазартылуы қадғаланды.

Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу екі кезеңге бөлінді. Бірінші кезеңде жағдайдың тал-



дауы, шешім қабылдау үшін ұсыныстар, жоспарлау нұсқалары, көктемгі төтенше жағдайда жоюдың мемлекеттік жүйесі дайындалып, азаматтық қорғаныс және облыстық авариялық құтқару құрылымдары және күш-құралдарының дайындығын қарау өткізілді. Екінші кезеңде құтқару және басқа да кезек күттірмес жұмыстардың жүргізілуі тәжірибе жүзінде сыналды. Қызылорда қаласына қарасты Талсуат елді мекенінде авариялық құтқару құрылымдары мен күш құралдарының дайындығын шыңдау мақсатында арнайы тактикалық оқу-жаттығу өтті.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

дайтын Күнекей образдары ұлттық өнердің «Алтын қорына» кіретін кейіпкерлері десек болады. Оның осындай шығармашылық еңбегі, ізденісі ескеріліп 1998 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталса, 2004 жылы ҚР-ның «Құрмет» ордені табысталды.

«Өрине, ондай асылдың сынығын ешкім ажалға қимасы анық. Оры әлі күнге осырап тұр», – деп күрсінді сүйсіңдей болған Кәмила Әбжанова. Оның апамен ұқсастығы да көп еді. Екеуі екі бөлек жылдары оқығанымен, тәлім алған студиясы бір. Сондай-ақ, апалы-сүйлдей бұл әріптестердің өмірлік жары өнерде өздерімен қатар, бір сахнада жүрді. Сондықтан да тәтесінен көп тәлім алған жан онымен бір сахнада жүрген кездерін сағынышпен еске алады.

– Бұрындары біздің іссапарымыздың уақыты ұзақ болатын. Ол кезде мен тұрмыс құрмағанмын. Екі-үш ай үй көрмейміз. Ізбасқан аға мен тәтем үнемі балаларын бірге ертіп жүретін. Ондайда кейде қонатын үй де табылмай, автобустың ішіне түнейтін кезіміз болады. Бірақ Ұлбатай Баяділқызының өнерге берілгендігі сонша, оның бәрін сабырмен қабылдады. Қанша жыл сахнада жүрсе де, әр образына мән беріп, «қалай болады?» деген ой үстінде жүретін. Өзгерлерден өзін дауысының жағымдылығымен, сырт бейнесінің тартымдылығымен, әдемілігімен, жан дүниесінің сұлулығымен ерекшеленетін. Ағай екеуінің де сыйластығы ерекше болатын, – дейді Кәмила Әбжанова.

Ұлбатай Баяділқызының мезгілсіз дүниеден өтуі кімді де болса есеніретіп кеткені шындық. Себебі ол денсаулығына шағым айтып көрмеген жан, ешқашан аурухана төсегіне танылмаған. Өріптесі Бақытбек Алыпсбаевтың айтуынша, 1980 жылдары аяғы ауырып сегіз айдай ем алған көрінеді. Ал соңғы рет быттыр жүреті сұр берітті. Алайда ауруханадан шыға сала театрға асыққан екен.

– Сол келгенінде жалындап тұрған жарнарын, бал-бұл жанған жүзін біз байқай алмадық. Алдың: «Үйдегі ағаң 2015 жылы 80-ге толады. Соны өзін басқарасың, жақсылап тойлаймыз» деп жүретін. Ал соңғы келгенінде маған: «Бақытжан, осы мен театрдың 60 жылдығына жетпей қалатын шығармын. Жүрегім болмай жүр» делі. «Қой, тәте, қайдағыны айтпаңыз. Қайда, әлі. Ағамның 80 жылдығы бар, тойлайтын той көп» дедім. Содан арада шамамен бір апта уақыт өткенде тәтемнен айырылып қалдық деген хабар келді, – дейді інісіндей болған Бақытбек Алыпсбаев.

Міне, бүгінде жақындарын ғана емес, Сыр жұртшылығын күйіреткен бұл сұят хабардың таралғанына да бір жыл уақыт өтті. Енді тек барлығы өмірдің дегеніне көніп, сүйікті жар, аяулы ана, асыл жеке, ардақты өріптес, талантты актриса бола білген Ұлбатай Баяділқызының рухына құран бағыштауда. Артында қалған жары Ізбасқан Шәкірөв, үш қызы мен ұлы, немерелері мен шөбересі 12 наурыз сағат 12.00-де қаламыздағы «Дидар» мейрамханасында арнайы ас бермек. Лайым, ниеттерін Алла қабыл етсін. Асыл жанның рухы пейіштің төңірегіне шалқып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ұлбатай Баяділқызы көз алдымыздан кеткенімен, әрбір жанның жалын-да мәңгі сакталары сөзсіз. Оның өшпес мұраларындай болған ойнаған рольдері, әрбір сахналық көрінісі тарих беттерінде алтын әріппен жазылып қаларына сенім мол.

Мөлідр ҚОЖАХМЕТОВА.

АҚҚОЛ АНА —

ДУНАРА



Халқымызда «кіндік иеше», «аққол ана» деген ұғым бар. Кіндік иеше деп дүниеге келген сәбидің кіндік бауын қиған адамды атайды. Бұл міндетті ертеде халық арасында «аққол аналар» деп аталатын босандыруға икемі бар, машықтанған әйелдер атқарған. Кейде арнайы таңдалған кісілер болған. Аяғы ауыр әйелдің ай-күні жетіп, толғағы келгенде таңдалған кіндік иеше бірге болып, босануына көмектеседі. Көп жағдайда «аққол» босандырушы арнайы таңдалған әйелдердің біріне жол беріледі. Халқымыздың «аққол» аналар мен кіндік иешеге құрметі қашан да биік болған. Бүгінде бұл қызметті арнайы мамандар атқарады. Дәлірек айтқанда, аяғы ауыр әйелді босандыру акушер-гинекологтардың тікелей міндеті.

Облыс орталығындағы қалалық перзентхананың акушер-гинекологы Динара Іздібаева өзінің жиырма бес жылдық еңбек жолында жиырма мыңнан астам әйелді босандырып, сонша балаға кіндік иеше атанған майталман маманның бірі.

Динара Байзаққызы әкесінің жолын қуып дәрігер мамандығын таңдады. 1983-1986 жылдары Қызылорда медициналық колледжін бітірген ол жоғары мамандық алу мақсатында Ақтөбе медициналық институтына «емдеу ісі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны акушер-гинеколог дәрігері болып тәмамдады. Жоғары оқу орынн бітірген жас маманның еңбек жолы 1991 жылы Жалағаш аудандық ауруханасында басталды. Алты жылға жуық аудандық аурухана қабырғасында еңбек ете жүріп, тәжірибе жинаған Динара 1996 жылы қалалық перзентханаға ауысты.

– Ауданда өткен жылдарым маған үлкен мектеп болды. Сонда жүріп ота жасауды үйрендім, біршама тәжірибе жинақтадым. Дәрігер мамандығының қыры мен сырына қанықтым. Жас маман үшін аудандық ауруханада жұмыс істеу бұл үлкен мектеппен тең. Талай сынқтан өттік. Ол кезде жағдайымыз қазіргіден әлдеқайда қиын еді. Техника онша дамымаған, әлеуметтік жағдай қиын. Қазір бәрі басқаша. Уақыт өте келе, технология дамып жатыр, сонымен бірге медицина да

жедел дамуда. Шақыртуларға «АН-24» деген тікұшақпен баратынбыз. Тікұшақта босандырған жағдайлар да болған, – дейді маман.

Динараның еңбек жолы еліміздің тәуелсіздігімен бірге жасыаып келе жатыр. Быыл тәуелсіздігімізге 25 жыл толса, Динараның дәрігерлік қызметіне де соншама жыл болыпты.

– Иә, еліміздің тәуелсіздігіне ширек ғасыр толып отырса, менің де дәрігерлік еңбек жолыма жиырма бес жыл болып отыр. Осы уақыт аралығында біз де қалыптастық, қиындықты еңсеріп, жетістікке жеттік. Мәселен, босану бөлімінде бір жылда жеті мыңға жуық сәби өмірге келсе, соңғы жылдары бала өлімі азайды. Қазіргі кезде 500 грамм салмақпен туылған сәбилерді алам қатарына қосып жатырмыз. Мұның өзі үлкен жетістік, – дейді маман.

Динара Байзаққызы – I дәрежелі акушер-гинеколог, оташы-хирург ғана емес, ол сонымен бірге отбасының ұйытқысы, екі баланың анасы. Н.Назарбаев мектебінде 8-сынып оқитын қызы Тоғжан Сүйінтай болашақта ана-сының жолын қуып дәрігер болуды қаласа, оны Бексұлтан Сүйінтай №15 мектеп-лицейінің 11-сыныбында оқиды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЙЫСТАН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Қазанға атындағы Қызылорда музыкалық колледжі жанындағы балалар музыка мектебінің оқушылары Эстонияда өткен халықаралық ән байқауынан жүлделі оралды. Бұл туралы Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі жанындағы өңірлік коммуникациялық орталықта өткен брифингте мектеп оқытушысы Аруна Ибраева тарқатып айтты.

Халықаралық дола эстондық эстрада және опера әншісі, СССР-дің халық артисі Георг Отстың 96 жылдығына орай ұйымдастырылған. Академиялық ән жарында бақ сынаған Ақнұр Мұсабаева, Абылай Өтегенов және Ғалымжан Болатбек өз жас шамалары бойынша тиісінше I, II, III орындарды иеленді.

– Оқушылар ескі арияларды, қазақтың халық әндерін, сонымен қатар Георг Отстың туындыларын орындап, биіктен көрінді. Сайыста ресейлік балалардың мықты қарсылас болғанын да айта кету керек, – делі А.Ибраева.

Мөлідр ҚАЛЫМБЕТ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысында мүлкіті жария ету жұмыстары жалғасуда.

2016 жылдың 2 наурыздағы жағдайы бойынша Қызылорда облысында мүлкіті жария етуге барлығы 1283 өтініш 1536 жылжымайтын мүлкіттерді жария етуге берілген. Оның ішінде тұрғын емес үй-жайлар бойынша – 905 өтініш, соның ішінде коммерциялық объектілер бойынша – 745 өтініш, тұрғын үй бойынша – 631 өтініш. Келіп түскен өтініштер бойынша мүлкіттердің жалпы бағасы 12,1 млрд теңгеге құрады. 1127 өтініш бойынша жалпы құны 11,2 млрд теңге болатын 1346 объект жария етілген.

Қазіргі таңда, барлық аудандар мен Қызылорда қаласында мүлкіті жария ету комиссияларымен заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша облыстағы кәсіпкерлер, ауыл және ауылдық округ тұрғындары үшін түсіндірме жұмыстарын (семинарлар, кездесулер) жүргізуде.

Мүлкіті жария етуге байланысты жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар, сұхбаттар, теледидар және радио арқылы арнайы бағдарламалар мен бейнероликтер беріліп, көрсетілді.

Сонымен қатар, заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жаңартылған билбордтар жасалып, орналастырылды.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Транс Азия Констракшн» ЖШС 2016 жылдың 8 сәуір күні 15-00 жергілікті уақытымен серіктестік мүшелерінің кезекті жиналысының Қызылорда қаласы, Е.Көшербаяев көшесі, 94 үйде өтетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

- Серіктестіктің 2015 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі есеп беруі.
- Ревизиялық комиссиясының есеп беруі.
- Әртүрлі.

ІЗДЕУ САЛАДЫ

Қызылорда қаласының тұрғыны, 1964 жылдың 14 қыркүйегінде туылған Мирзоян Алексей Арциковичтің 2012 жылдың 3 мамырдан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты зайыбы Салмаева Зухра Уракбаевна, (мекен-жылы: Қызылорда қаласы, Жібек жолы көшесі, 2 үй 18 пәтер) іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2016 жылдың 04 наурыздағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған кünden бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 8 705 7209560, 8777 153 13 19.

Мөлідр ҚАЛЫМБЕТ.

Менің иесі:

Сыр медиа

жауапкершілікті шектеулі серіктестірі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс

70-00-36



Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың орынбасары	70-00-43
Жауапты хатшы	70-00-81

бөлімдер:

руханит және аппарат	- 70-00-64, 70-00-73
экономика	- 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат	- 70-00-61
жарнам	- 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап	- 70-00-38, 70-00-38
зәңгер	- 70-00-42
компьютер орталығы	- 70-00-34
корректор бөлмі	

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:	Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жаңақорған:	Нұржан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сәйкесімі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетіне тіркелген.

Тіркеу күнінің №12993-г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009

Сапа менеджменті жүйесі тапарттарына сәйкес сертификатталған.

Ақпараттық қаланың тапсырыс бойынша телесөз, қолжазба, көрсеткіш және қолжазбалар. Жарнамалар газеттегі үлгілеріне негізделгендігіне, "АҚ" нысаны қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қалпына келтірілген "Сыр медиа" ЖШС-е баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Ақпарат" - 23-54-51, "Еркіндік-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мененшісі: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 29143

Тапсырыс № 267